



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКИ

Банктер арасында жүргізілген сауалнама: іскерлік белсенділіктің артуы II тоқсанда несиеге деген сұранысты қолдайды

**ҚҰБ Қаржылық тұрақтылық және зерттеулер департаментінің директоры
Олжас Кубенбаевтың түсіндірмесі**

Астана қ.

2026 жылғы 22 мамыр

Ірі, орта және шағын бизнесті кредиттеу

2026 жылғы I тоқсанда банктер бизнес субъектілері тарапынан кредитке деген жалпы сұраныс аздап төмендегенін атап өтті.

Ірі бизнес сегментінде банктердің бір бөлігі инвестициялық жобалар бойынша кейінге қалдырылған сұраныстың бар екенін және қарыз алушылардың ағымдағы экономикалық жағдайларда күту позициясын ұстанатынын алға тартты. Сонымен қатар, кейбір банктерде стратегиялық жобаларды қаржыландыруға арналған сұраныс көлемі айтарлықтай өскені байқалады. Ол жалпы сандық көрсеткіштерге де әсер етті. Осылайша, ірі бизнес субъектілерінің кредиттік өтінім саны тоқсаннан тоқсанға (т/т) 16%-ға өсіп, 238-ге жетті, ал олардың орташа мөлшері 80%-ға өсіп, 18,8 млрд теңге болды.

Орта және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің сұранысы біршама төмендеді. Банктердің пікірінше, ол бұрын бөлінген мемлекеттік қолдау қаражатын игеру мен жыл басындағы маусымдық факторлармен байланысты. Банктер «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ пен «Өрлеу» қорландыру бағдарламасының шарттарына ұсынылған өзгерістерді талқылап жатыр. Жаңа Салық кодексі аясында кейбір жеке кәсіпкерлердің өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санатына ауысу ықтималдығына қатысты банктер бұл өзгерістердің кредиттік белсенділікке қалай әсер ететінін бағалау үшін әлі де уақыт қажет екенін айтады. Кейбір банктердің цифрлық онлайн өнімдері есебінен орта бизнес сегментінде өтінім саны 5%-ға (т/т) өсіп, 5,0 мың болды. Өтінімдердің орташа мөлшері 15%-ға (т/т) өсті – 902 млн теңге. Шағын бизнес сегментінде өтінім саны 5%-ға (т/т) төмендеп, 912 мың болды. Ал олардың орташа мөлшері 11%-ға қысқарып, 24,8 млн теңге деңгейінде қалыптасты.

Ірі бизнес сегментінде кредиттерді мақұлдау үлесі 10 п.п. (т/т) төмендеп, 55%-ға жетті. Бұл, негізінен, тоқсан соңында түскен және әлі қаралып жатқан өтінімдер санының көп болуына байланысты. Орта және шағын бизнес сегменттерінде мақұлдау үлесі сәйкесінше 4 п.п. және 2 п.п. төмендеп, 37% және 34% болды.

2026 жылғы II тоқсанда банктер іскерлік белсенділіктің өсуіне байланысты ірі бизнес субъектілері тарапынан сұраныс артады деп күтеді.

Ипотекалық және тұтынушылық кредиттеу, автокредиттер

2026 жылғы I тоқсанның қорытындысы бойынша банктер ипотека мен автонесие сегментінде сұраныс төмендегенін атап өтті. Ал кепілмен қамтамасыз етілген және кепілсіз тұтынушылық қарыздарға сұраныс алдыңғы тоқсан деңгейінде қалды.

Есепті тоқсанда кейбір банктер сыйақы мөлшерлемелерін көтеріп, оның үстіне тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі қысқарғандықтан, ипотекалық қарыздарға сұраныс азайды. Осылайша, ипотека бойынша өтінім саны 21%-ға (т/т) азайып, 191 мың болды. Ал сұралатын қарыздың орташа мөлшері – 20,5 млн теңге.

Несие беру талаптары біршама күшейтілсе де, бұл жағдай кепілмен берілетін тұтынушылық несиеге деген сұраныс динамикасын әлсіреткен жоқ. Өтінім саны 1%-ға (т/т) өсіп, 103 мың болды. Ал қарыздың орташа мөлшері 12%-ға (т/т), яғни 13,6 млн теңгеге дейін өсті. Кепілсіз берілетін тұтынушылық несие сегментіндегі сұраныс та өзгеріссіз қалып отыр: жалпы өтінім саны 2%-ға (т/т) азайып, 16,1 млн болды. Ал олардың орташа мөлшері 3%-ға (т/т) өсіп, 963 мың теңгеге жетті.

Автонесие сегментіндегі белсенділіктің бәсеңдеуіне жаңа көлік бағасының арзандауы мен соның әсерінен автодилерлер ұсынатын субсидияланатын несие өнімдеріне сұраныстың азаюы себеп болған. Осылайша, өтінім саны 20%-ға (т/т) қысқарып, 1,2 млн болды. Ал сұралатын соманың орташа мөлшері 12%-ға (т/т) өсіп, 7,2 млн теңгеге жетті.

Ипотекаға берілген өнімдерді мақұлдау деңгейі 1 п.п. (т/т) өсіп, 23% болды. Сонымен қатар, мақұлдау үлесі кепілмен қамтамасыз етілген тұтынушылық қарыздар бойынша 5 п.п. (т/т) төмендеп – 17%-ға, автонесие бойынша 1 п.п. (т/т) төмендеп – 15%-ға, ал кепілсіз қарыздар бойынша 1 п.п. (т/т) азайып – 32%-ға жетті.

2026 жылғы II тоқсанда банктер ипотекаға сұраныс артады деп күтеді. Бөлшек несиеелеудің басқа сегменттері бойынша сұраныс 2026 жылғы I тоқсан деңгейінде сақталады деген болжам бар.

2026 жылғы I тоқсанда кредиттеу бойынша банктер арасында жүргізілген [сауалнамаға](#) екінші деңгейлі 21 банк қатысты. Сауалнаманы Ұлттық Банк кредиттік ресурстарға сұраныс пен ұсыныс арасындағы өзгерістерді бағалау үшін тоқсан сайын жүргізеді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz